


АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Келісімшарт талаптарына шолу





Талап түрлері

(i) Келісімшарт талаптары айқын көрсетілген немесе айқын көрсетілмеген/тұспалданған талаптар, сондай-ақ міндеттемелік талаптар (негізгі міндеттер жүктейтін) немесе міндеттемелік емес (басқа мәселелерді қамтитын) талаптар болуы мүмкін.

(ii) Міндеттемелік талаптардың (promissory term) мынадай үш түрі бар: шарттар (conditions), аралық талаптар (intermediate or innominate terms) және қарапайым талаптар/кепілдіктер (warranties).

(iii) Міндеттемелік емес талаптар келісуші тараптарға негізгі міндеттер жүктемейді. Мұндай талаптарға, мысалы, мыналар жатады:

(a) келісімшартты іске асыруды кейінге шегеретін немесе оның іске асуына/жасалуына жол бермейтін шарт (кейінге қалдыру шарты, ағыл. condition precedent);

(b) белгіленген жайт орын алғанда келісімшарттың тоқтатылуын көздейтін шарт (күшін жою шарты, ағыл. condition subsequent);

(c) келісуші тарапқа келісімшартты бұзуға (тоқтатуға) мүмкіндік беретін шарт (келісімшартты бұзу туралы ескертпелер);

(d) келісуші тараптардың келісімшарт талаптарын бұзғаны, соның ішінде келісімшарттан тыс жалған мәлімдеме жасағаны үшін жауапкершіліктен босататын немесе жауапкершілігін шектейтін шарт;

(e) қолданылатын құқық немесе дауларды реттеу келісімдеріне қатысты шарттар.

Кейінге қалдыру шарттары мен күшін жою шарттары.

Кейінге қалдыру шарттары. Мысалы, Bentworth Finance Ltd компаниясының Лубертке қарсы ісі (1968) бойынша жауапкер тарап көліктің борттық (тіркеу) журналын алмағандықтан, қаржы компаниясы одан тиісті төлем жасауды талап ете алмады. Апелляциялық сот борттық журналды беру – кейінге қалдыру шартына жатады (яғни журнал берілмейінше, келісімшарт талаптарын орындау басталмайды) деп шешті. Журнал берілмегендіктен, қаржы компаниясының пайдасына сай келісімшарттық құқықтар туындаған жоқ. Апелляциялық сот төрағасы лорд Деннинг былай деген:

«Келісімшарт іске асырыла бастаған жоқ. Жасалған келісімшарттың күшінде болуы үшін қарсы тарапқа борттық журнал берілуге тиіс еді. Кәсіби тілмен айтқанда, бұл кейінге қалдыру шарты болған. Борттық журнал берілмейінше, тараптар сатып алу құқығы бар жалға алу келісімшартын жасасқан болып саналмайды. Сондықтан тиісті төлемдер жасау міндеттемесі де туындамаған».

Бұған қоса, борттық журнал берілмегендіктен, аталған қаржы компаниясының пайдасына үшінші тарап жасасқан залалды өтеу (кепілдігі) туралы келісімшарт та мәжбүрлі түрде орындауға жатпады.

Күшін жою шарттары. Бұған Хэдтің Таттерсалға қарсы ісі (1871) мысал бола алады. Мұндағы сатып алушы тарап күшін жою шартын ойдағыдай басшылыққа алған. Ол шартқа сай, сатып алушы кепілдік берілген сипаттамаға сәйкес келмейтін жылқыны қайтарып беруге құқылы болған.

Жауапкер тарап (аукцион үйі) шағымданушы тарапқа жылқы сатқан. Сатушы тарап сатылатын ат бұған дейін Бистер тазы иттерімен бірге аңға шыққан деп кепілдік беріп, ат белгіленген сипаттамаға сай келмесе, сатып алушы оны тиісті қысқа мерзім ішінде қайтарып бере алады деген (күшін жою шарты; бұл шартқа сай меншік құқығы сатушы тарапқа қайтарылады). Ат, шын мәнінде, Бистер тазы иттерімен бірге аңға шықпаған деген сөз тарағанына қарамастан, шағымданушы тарап оны сатып алды. Ат шағымданушы тараптың атқорасына бара жатқанда жарақат алады. Шағымданушы тараптың мұнда кінәсі жоқ еді. Атты белгіленген мерзім ішінде сатушыға қайтарып береді. Қалыптасқан жағдайда «сатып алушы тарап, күшін жою шартына сай, сатушыға төлеген құнын қайтарып ала алады ма?» деген сұрақ төңірегінде дау туындады. Сотта аттың іс жүзінде Бистер тазы иттерімен бірге аңға шыққаны-шықпағаны турасында талас болмады. Сот жауапкер тараптың өзін қорғау үшін алға тартқан мына екі пайымын қолдамады: (a) атқа қатысты тараған қауесеттен хабардар болған сатып алушы қарапайым талапқа (өзіне берілген кепілдікке) сай сотқа шағымдана алмайды; және (b) ат жарақат алғандықтан, сатып алушы оны сатып алған кездегідей күйде заңды түрде сатушыға қайтарып беру құқығынан айырылады. Жоғарыда аталған (a) тармағына келсек, қауесет – сатушы беретін нақты хабарламаға барабар емес, сондықтан ол кепілдікті жарамсыз деп тануға негіз бола алмайды. Ал (b) тармағына келсек, аттың алған жарақаты сатып алушының кесірінен болмаған, жарақат алу жайты – сатушы тарапқа жүктелген тәуекел. Өйткені күшін жою шарты іске асқандықтан, ат қайтадан сатушы меншігіне өткен болып саналады (барон Клисби).

Кейінге қалтыру не күшін жою шарты ма? Кейде «оқиға» (қандай да бір жайт) «келісімшартқа дейін орын алды ма, әлде одан кейін болды ма?» деген сұраққа жауап беру оңай емес. Тиісті істі барынша әділ



қарау мақсатында сот оңтайлы деп тапқан талдау әдісін қолдануы мүмкін. Грейвстің Грейвске қарсы ісінде (2007) сот келісімшарт орындалмай тұрғанда оны орындауды кейінге қалдыру шарты емес, келісімшартты бұзатын «тұспалданған» күшін жою шарты бар деп тапты.

Graves ісінің (2007) мән-жайы төмендегідей. Ерлі-зайыпты мистер және миссис Грейвс ажырасқаннан кейін, бұрынғы күйеуі Грейвс ханымға өзінің меншігінде болған үйде тұруға рұқсат берген. Грейвс ханым жалдау ақысын төлеп тұруға тиіс еді. Қос тарап та аталған жалдау ақысының 90 пайызы тұрғын үйді жалға алу жәрдемақысы (housing benefit) есебінен қаржыландырылады деп түсінген. Кейін оның жалған түсінік екені анықталды (аталған жәрдемақы мұндай жағдайда төленбейді); бұл қателік «құқықтық» мәселе болатын, алайда оны қазір елеулі қателік деп қарастырады. Бұрынғы күйеуі жалдау ақысын төлемегені үшін Грейвс ханымды үйден шығарып жіберуді талап етті. Бұл талап қанағаттандырылды. Алайда сот тұспалданған күшін жою шартының болғанын анықтады. Бұл шартқа сай, тиісті төлем мөлшеріне қысқа мерзімге жалға алған тарап пайдасына түзетулер енгізілді.

Тұрғын үйді жалға алу жәрдемақысы төленбейді деген жайттың тараптар жасасқан келісімге дейін немесе одан кейін болғаны даулы мәселе: тарихи факт ретінде қарасақ, бұл жайт бұрын болған; одан хабардар болу тұрғысынан алып қарасақ, бұл жайт кейін белгілі болған. Бұл істі кейінге қалдыру шарты орындалмаған іс деп қарастыратын болсақ, онда соттың икемді талаптарды келісуші тараптардың қаржылық жағдайын реттеуге келетіндей етіп айқындауға мүмкіндігі аз болатын еді (алайда бұл қағидаға түсіндірме берілмегендіктен, мұндағы ұстаным айқын емес).

Талаптарды келісімшартқа енгізу

Қандай да бір талапты келісуші тараптар арасындағы жүйелі іскерлік байланыстар немесе сауда ғұрпы арқылы енгізуге болады. (Енгізуге/инкорпорациялауға қатысты басқа да мәселелер.

Тиісті шарттың (талаптың) келісуші тараптар арасындағы жүйелі іскерлік байланыстар немесе сауда ғұрпы арқылы енгізілгенін-енгізілмегенін айқындайтын құқықтық прецедент бар.

Жазбаша келісімдер («ауызша куәландыру ережесі», ағыл. *parol evidence rule*)

Жазбаша келісімшарттарға қатысты келіссөздер болғанын растайтын ауызша/сырттай айғақтар:

(i) Қандай да бір тараптың жазбаша келісімнен тыс мәселелерге қатысты (ауызша не жазбаша) айғақтарды ұсынып, аталған құжатқа қосымша жасауына, құжаттың бір бөлігін алып тастауына, өзгертуіне немесе құжатқа қайшы дерек енгізуіне тыйым салынады. Дегенмен бұл ереже тек жазбаша келісімшарттарға ғана қолданылады. Ол ауызша немесе жартылай жазбаша, жартылай ауызша келісімшарттарға қатысты қолданылмайды.

(ii) Толық жазбаша келісімшарт болған күннің өзінде, мына төмендегілерге келгенде, сырттай (ауызша) айғақтар келтіруге тыйым салынбайды:

(a) түзету енгізу доктринасы (rectification);

(b) жанама (акцессорлық) кепілдіктер (қарапайым талаптар) (collateral warranties): жанама кепілдік, әдетте, ауызша уәде (міндеттеме) немесе сендіру түрінде жасалады. Ол негізгі келісімшарттан бөлек жасалған дербес келісім болып табылады;

(c) келісімшарттың жарамсыздығы т.б. мәселелер: жазбаша келісімшарттың жарамсыз, маңызсыз, заңды күші жоқ екенін немесе оны мына төмендегі себептерге сай іске асыруға болмайтынын көрсету үшін сырттай (ауызша) айғақтар келтіруге болады:

- қателік;
- ыңғайласпа қанағаттандыру жасамау;
- заң талаптарын орындамау;
- заңсыздық;
- алаяқтық;
- жалған мәлімдеме жасау;
- мәжбүрлеу;
- келісімге қатысты кейінге қалдыру шарты қолданылғанда;
- келісімшартқа тараптардың өзара келісімімен өзгертулер енгізілгенде немесе келісім күшін жойғанда;
- айғақ құжаттың белгілі бір келісім түріне жататынын (оның, мысалы, меншікті табыстау туралы құжат емес, ипотекалық келісім екенін) көрсету үшін келтірілгенде;



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келісімшарт талаптарына шолу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

- айғақ келісуші тараптарды сәйкестендіру (олардың жеке басын куәландыру) үшін ұсынылғанда;
- айғақ келісімнің мәнін ашып көрсету үшін келтірілгенде.

Бұл ережеге Shogun Finance Ltd v. Hudson ісін (2003) қараған лорд Хобхаус өте жоғары баға берген. Ол 1893 жылы лорд Моррис берген анықтамадан цитата берген; бұл анықтамада жазбаша келісімшарттан тыс мәселелерге қатысты ауызша не жазбаша айғақтарды ұсынып, аталған құжатқа қосымша жасауға, құжаттың бір бөлігін алып тастауға, өзгертуге немесе құжатқа қайшы дерек енгізуге тыйым салынатыны айтылған.

Коммерциялық сауда-саттыққа қатысты кепілдіктер мен залады өтеу міндеттемелері

(i) Сатушы кепілдігі (warranty) – сауда нысаны сипаты мен сапасы жағынан аталған кепілдікте көрсетілген сипаттамаға сәйкес келеді деген уәде. Кепілдік нақты болуы немесе «хабардар болғанына қарай» не «сендірудің дұрыстығына көз жеткізгеннен кейін» деген сөздермен берілуі мүмкін.

(ii) Залалды өтеу міндеттемесіне (indemnity) сай, кепілдік шарты бойынша борышкер (indemnifier) белгіленген оқиға орын алған кезде кредитор (indemniffee) ұшыраған қаржылық шығынның орнын толтыруға тиіс.

Акция сатып алу немесе кәсіпорындардың сауда мәмілелері кезінде кепілдіктерді қолдану. Тиісті шоттар кәсіби стандарттарға сай жасалған деген кепілдік (аталған шоттар шынымен кәсіби стандарттарға сай жасалса) бұзылған болып саналмайды. Macquarie Internationale Investments Ltd компаниясының Glencore UK Ltd компаниясына қарсы ісін (2010) қараған сот осындай ұстанымда болды. Бұл істе кепілдік берілген шоттар жарияланған кәсіби стандарттарға сәйкес әзірленген болатын. Аталған стандарттар шоттарда сатушыға немесе оның агенттеріне беймәлім не олар анықтай алатын жайттарды көрсетуді талап етпеген. Шоттарға қатысты кепілдіктерге «олар сатып алушыны мәміле жасалған кезде белгісіз/анықталмаған жауапкершіліктерден қорғайды» деген түсініктеме беру аталған кепілдіктерді бұрмалау болып саналады.

Келісілген мерзім. Белгілеген мерзім ішінде сатушыға келісімге қатысты талап арыз берілгенін хабарлау керек, әйтпесе талап жарамсыз болады. Алайда Tullow Uganda Ltd. компаниясының Heritage Oil and Gas компаниясына қарсы ісін (2014) қараған Апелляциялық атап өткендей, соттар хабарлама беру жөніндегі шектеулерге кепілгер (борышкер) міндеттерін орындауға қатысты кейінге қалдыру шарттары деп қатаң түрде анықтама беруге құлықсыз болады. Лорд-судья Битсон былай деген: «Соттар жарты ғасырдан астам уақыт бойы басшылыққа алып келген ұстанымға сай, талапты кейінге қалдыру шарты немесе маңызды шарт деп классификациялау айқындықты қамтамасыз етуі мүмкін, сондай-ақ осының салдарынан келісімшарт жасасқан тараптардың біреуі тиісті құқықтардан айырылып қалуы мүмкін, өйткені талаптардың болмашы бұзылуы кесірінен басқа тарап аз шығынға ұшырайтын еді немесе оған мүлде залал келмейтін еді. Сондықтан да, халықаралық сауда-саттық және тасымалдау келісімшарттары жасалған жағдайда, соттар талапты кейінге қалдыру шарты немесе маңызды шарт деп классификациялауға құлықсыз болған... Мұны осы мәселеге қатысты айтарлықтай маңызды прецедентке айналған Schuler (LG) AG v. Wickman Machine Tool Sales Ltd [1974] ісінен AC 235 аңғаруға болады. Бұл істе келісімшарт мәтінінде «маңызды шарт» деген сөздің болуының өзі жеткіліксіз еді».

Қайта кепілдік беру. Акциялар сатып алу келісінде бастапқыда, келісімшарт жасалған күні, берілген кепілдіктердің мәміле аяқталатын күні қайта берілетіні қарастырылған болса, онда сатып алушы тарап үздіксіз қорғауға ие болады, кейінгі қорғау жүйесі алдыңғысының орнын басады. Келісімшарт жасалған күн мен мәміле аяқталған күн аралығында (бірақ тек осы аралықта ғана) сатып алушы тарап бастапқыда берілген кепілдіктерге сай қорғауға ие болады. Мәміле аяқталған соң, қайта берілген кепілдіктер қолданыла бастайды. Сатып алушы тарап аталған кепілдіктердің дұрыс болмағанын білсе, қайта берілген кепілдіктер бойынша олар бұзылды деп талап арыз бере алмайды. Бұған қоса, сатып алушы бастапқыда берілген кепілдіктерге де жүгіне алмайды.

Залалды өтеу міндеттемелері. Залалды өтеу туралы нағыз міндеттемеге сай, В тарабының негізгі борышкер болғанына-болмағанына қарамастан, А тарабына В тарабын шығыннан қорғау үшін оған тиісті сомада төлем жасау жауапкершілігі жүктеледі. Бұл кепілдіктен (guarantee) өзгеше жауапкершілік. Кепілдік берілген жағдайда, А тарабы (кепілгер) Т тарабына «негізгі борышкер (В тарабы) өз міндеттемесін орындамаса, А тарабы Т тарабына компенсация төлейді» деп кепілдік береді.



Залалды өтеу міндеттемесіне қойылатын айқын шектеулер. Залалды өтеу міндеттемесі (indemnity) – тек келісімшартта ғана болатын құқықтық қорғау құралы. Келісімшарт жасасатын тараптар тәуекелдер мен жауапкершіліктерді бөлісу туралы келісімге келу еркіндігіне ие. ENE Kos 1 Ltd компаниясының Petroleo Brasileiro SA компаниясына қарсы ісін (2012) қараған Жоғарғы сот судьясы лорд Сампшн атап өткендей, сот «залалды өтеу міндеттемесінің мақсатын, оның негізінде қолданылу аясын» анықтауға тиіс. Сол себепті залалды өтеу міндеттемесінде оған сай жауапкершілік шегі айқындалып, мысалы, «сатып алушы әрекетіне» немесе сатып алушының шығындарды азайтуға әрекеттенбеуіне не заңға кейін өзгертулер енгізу тәуекеліне байланысты қорғану шаралары айқын көрсетілуі мүмкін.

Шығын келтіргені не салғырттық танытқаны үшін кредитордың өзіне жүктелетін жауапкершілік. Смиттің South Wales Switchgear Co Ltd компаниясына қарсы ісін (1978) қараған Лордтар Палатасы кредитордың салғырттық танытқаны үшін кепілдік шарты бойынша борышкер залалды өтеу міндеттемесін орындау жауапкершілігіне тартылмайды деген шешім шығарған.

Залалды өтеу міндеттемесін бұзу салдарынан болған залалды өтеу. Залалды өтеу міндеттемесін бұзған жағдайда төленетін қаражат сомасы кепілдік шарты бойынша борышкер шығынын орнын толтыру үшін өтеуі тиіс сомаға тең болады. Мұндай жағдайда, әдетте, кепілдік шарты бойынша борышкер тиісті міндеттемені орындамағаны кесірінен кредитор ұшыраған барлық шығынды өтеуге тиіс.

Қолданылатын құқық және дауларды реттеу туралы келісім

(i) Ағылшын соттары мынадай келісім түрлерін жарамды деп таниды: мәмілеге қатысты қай мемлекеттің келісімшарт құқығының материалдық-құқықтық нормалары қолданылатынын айқындайтын келісім (қолданылатын құқық туралы келісім); сот юрисдикциясы (айрықша немесе айрықша емес) жөніндегі ескертпе; келіссөздер туралы келісімдер; медиация туралы келісімдер; арбитраж туралы келісімдер; немесе осы аталғандардың кейбіреулерін не барлығын қамтитын келісім.

(ii) Қажет болса, (i)-тармақта аталған кейбір келісім түрлерін іске асыру үшін талап арыз бойынша іс қозғауға тыйым салыну (anti-suit injunctions) мүмкін.

Қолданылатын құқық туралы ережелер. Тараптар қаламаған мемлекеттің келісімшарт құқығы нормаларын алып тастауы немесе бейтарап келісімшарт құқығы жүйесін қолдануға келісуі мүмкін (бейтарап деп келісуші тараптардың азаматтығына, тұрғылықты орнына немесе коммерциялық кәсіпорынның мекенжайына сілтеме жасауды айтады).

Юрисдикция туралы ережелер. Айрықша юрисдикция ережесіне (exclusive jurisdiction clause) сай, жасалған мәмілеге қатысты туындайтын құқықтық даулар тек белгіленген юрисдикцияда, мысалы, Нью-Йорк немесе Австралия, немесе Гонконг соттарында ғана қаралуы тиіс. Айрықша юрисдикция ережесі негізінде өзара шектеулер мен құқықтар туындайды: қос тарап та белгіленген юрисдикцияда ғана сотқа шағымдана алады және қос тарап та осы шектеудің сақталуын талап етуге құқылы. Айрықша емес юрисдикция ережесіне сай, белгіленген соттарға тиісті юрисдикция беріледі. Мұндай ереже болмаған жағдайда келісуші тараптар аталған юрисдикцияға жүгіне алмайтын еді.

Электрондық ережені басып шығару мүмкіндігінің болуы – юрисдикция туралы ереже «жазбаша жасалуы немесе жазбаша куәландырылуы» тиіс деген талапты қанағаттандыратыны туралы сот шешімі бар.

Брюссельдің I қаулысының (жаңа редакцияда) (Brussels I bis (Brussels recast) Regulation, 2012) 25(1) және (2)-бабына сай, юрисдикциялар туралы келісім жазбаша жасалуы керек. Дегенмен аталған қаулы ережелері тараптардың іскерлік байланыс практикасын, нарық практикасын, сондай-ақ «келісім жасалғанын жазбаша растайтын» электрондық хат-хабар алмасуды жарамды деп таниды.

Дауларды реттеу туралы, мысалы, арбитраж жөніндегі басты ескертпеге қатысты келіссөздер туралы ережелер. Emirates Trading Agency LLC компаниясының Prime Mineral Exports Private Ltd компаниясына қарсы ісін (2014) (Emirates Trading Agency LLC v. Prime Mineral Exports Private Ltd) қараған судья Тир мерзімі төрт аптадан аспайтын келіссөздер туралы ережені (ол дауларды реттеу туралы ауқымды ескертпенің бір бөлігі) құптап, істі арбитражға беру алдындағы міндетті алғышарт ретінде тараптардан «жылы шыраймен» келіссөздер жүргізуді талап етті. Ол істі арбитражда қараудан бұрын келіссөздер туралы ереже талаптарын орындау шарт деп шешті. Алайда, фактілерді тексере келе, ол аталған талап орындалды деп ұйғарды. Сондықтан бұл іс заңды түрде арбитражда қарала бастаған.



Медиация туралы келісімдер. Тараптар істі сот немесе арбитраж қарауына бермес бұрын, адал ниетпен медиация жүргізуге келісуі мүмкін. Cable & Wireless plc компаниясының IBM UK компаниясына қарсы ісін (2002) қараған судья Колман медиация туралы осындай ереженің қолданылуын құптаған. Сот тараптардың аталған ережеге сай өзара міндеттеме алғанын ескере отырып, бір тараптың медиацияға жүгінбеуді ұйғаруын – дауларды реттеу туралы келісім талаптарын бұзу деп таныды. Судья бұл істі уақытынан бұрын сотта қарауды тоқтатып, келісуші тараптардан медиацияға жүгінуді талап еткен. Дегенмен Sulamerica Cia Nacional de Seguros SA компаниясының Enesa Engenharia SA компаниясына қарсы ісі (2012) бойынша шығарылған ұйғарымға сай, медиация туралы келісім мына шарттар сақталғанда ғана жарамды болады: (а) медиация туралы ескертпенің ақырғы редакциясы қабылданған болуы, сондықтан осы ескертпе талаптары жөнінде қосымша келіссөздер жүргізудің қажеті болмауы тиіс (міндеттеме бар); (b) аталған ескертпеде медиация қызметін көрсететін тарап айқындалған немесе оның қалай тағайындалатыны көрсетілген болуы тиіс (медиатор анықталған); (c) медиация қызметін көрсететін тараптың ережелеріне сай немесе келісуші тараптар өзара уағдаласып айқындаған медиация процесі бекітілген болуы тиіс (медиация тәртібі белгіленген).

Арбитраж туралы ескертпе. Англияның Арбитраж туралы 1996 жылғы заңына (The English Arbitration Act 1996) сай, арбитраж туралы келісім (соның ішінде істі арбитраж қарауына беру туралы жекелеген келісімдер, ағыл. submission agreement) жазбаша жасалуы тиіс (сондай-ақ істі арбитраж қарауына беру барысында арбитраж туралы келісімге қатысты процедуралар нақтылануы керек). Аталған заң арбитраж туралы келісімдердің жазбаша түрде жасалуын талап еткенімен, бұл мәселеге қатысты ұстанымды либералдық сипатта деуге болады. Сондықтан: (а) мұндай келісімге тараптар қол қоюға міндетті емес; (b) мұндай келісім ауызша жасалып, жазбаша рәсімделуі мүмкін. Аталған заңның 5(6)-бөліміне сәйкес, «жазбаша» немесе «жазбаша түрде жасалған» деген сөздер келісім «кез келген жолмен жазып сақталған», соның ішінде электрондық жолмен, мысалы, электрондық пошта арқылы жасалған жайттарды да қамтиды; жазбаша жасалмаған келісімді «жазбаша куәландыруға/расталуға» болады, ол үшін аталған келісімді «келісуші тараптардың біреуі немесе келісуші тараптардағыдай өкілеттігі бар үшінші тарап жазып сақтаған болуы керек» (5(4)-бөлім). Шын мәнінде, мұндай жағдайда Арбитраж туралы 1996 жылғы заңға сай төмендегідей элементтер қолданылады: (а) мұндай келісімге тараптар қол қоюға міндетті емес. Жалпы, мұндай келісімге қол қою міндетті емес;

(b) жазбаша деп «кез-келген жолмен жазып сақталған» ақпаратты айтады; (c) мұндай келісім: (1) өзі жазбаша жасалған; (2) жазбаша хат-хабар алмасу жолымен жасалған; (3) жазбаша түрде расталған; (4) (арбитраж келісімі туралы) жазбаша шарттарға сілтеме жасау арқылы жасалған; немесе (5) істі арбитражда не сотта қарау барысында «бір тараптың тек жазбаша ғана жасалған келісімнің бар екенін айтқаны, ал қарсы тараптың мұны жоққа шығарғаны» көрсетілген жазбаша материалдар алмасу жолымен жасалған болуы мүмкін (аталған (5)-категория – іс жүзінде келісімге сай эстоппельге (estoppel by convention). Дегенмен, ортақ құқық ережелеріне сай, жазбаша жасалмаған келісім жарамды деп танылуы мүмкін. Мұндай жағдайлар 1996 жылғы заңмен реттелмейді. Жазбаша жасалмаған арбитраж туралы келісімнің де заңдық күші болады; алайда ондай келісімдерге жоғарыда аталған заң ережелері қолданылмайды.

Арбитраж және юрисдикция туралы аралас (гибридті) және асимметриялық ескертпелер. Мұндай ескертпелерге сай, келісуші тарап істі Англия сотына бермей, оны арбитраж қарауына бере алады немесе, керісінше, істі арбитражға бермей, оны Англия сотының қарауына беруі мүмкін. Англияның Үлкен соты дауларды реттеу жөніндегі осындай «аралас (гибридті)» ескертпелерді құптаған.

Қолданылған әдебиеттер

1. N Andrews, Contract Law (2nd edn, Cambridge, 2015), 12.06(2); K Lewison, Interpretation of Contracts (5th edn, London, 2011), 16-01, 16-02, 16-13; G McMeel, The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification (2nd edn, Oxford, 2011), chapter 20; GH Treitel, 'Conditions and Conditions Precedent' (1990) 106 LQR 185
2. K Lewison, Interpretation of Contracts (5th edn, London, 2011), 3.16; for scepticism, G McMeel, The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification (2nd edn, Oxford, 2011), 15.08 ff)
3. A Stilton, Sale of Shares and Businesses: Law, Practice and Agreements (3rd edn, London, 2011), 177-178; R Thompson (ed), Sinclair on Warranties and Indemnities on Share and asset Sales (8th edn, London, 2011); W Courtney, Contractual Indemnities (Oxford, 2014)
4. Choice of law agreements: A Briggs, in AS Burrows and E Peel (eds), Contract Terms (Oxford, 2007),



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келісімшарт талаптарына шолу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

- chapter 15; A Briggs, *Agreements on Jurisdiction and Choice of Law* (Oxford, 2008), chapters 10 and 11; RG Fentiman, *International Commercial Litigation* (Oxford, 2nd edn, 2015), chapter 4; on the Rome I Regulation: Dicey, Morris and Collins on the Conflicts of Laws (15th edn, London, 2012), chapters 32 and 33 (on Regulation (EC) No 593/2008
5. Jurisdiction agreements: G Born, *International Arbitration and Forum Selection Agreements: Drafting and Enforcing* (4th edn, Kluwer, Netherlands, 2013), chapter 2; A Briggs, *Agreements on Jurisdiction and Choice of Law* (Oxford, 2008); A Briggs, 'The Subtle Variety of Jurisdiction Agreements' [2012] LMCLQ 364-381; Dicey, Morris and Collins on the Conflicts of Laws (15th edn, London, 2012), 12-098 ff; RG Fentiman, *International Commercial Litigation* (2nd edn, Oxford, 2015), chapter 2; T Hartley, *Choice-of-Court Agreements under the European and International Instruments* (Oxford, 2013); D Joseph, *Jurisdiction and Arbitration Agreements and Their Enforcement* (2nd edn, London, 2010)
 6. Mediation agreements: T Allen, *Mediation Law and Civil Practice* (London, 2013), chapter 8; Andrews on Civil Processes (Cambridge, 2013), vol 2: Arbitration and Mediation, 1.34 ff; N Andrews, 'Mediation Agreements: Time for a More Creative Approach by the English Courts' (2013) 18 *Uniform Law Review* 6-16; H Brown and A Marriott, *ADR Principles and Practice* (3rd edn, 2011), 26-033 ff; Centre for Effective Dispute Resolution, www.cedr.co.uk/library/documents/contract_clauses.pdf; D Joseph, *Jurisdiction and Arbitration Agreements and their Enforcement* (2nd edn, London, 2010); D Spencer and M Brogan, *Mediation: Law and Practice* (Cambridge, 2006)
 7. Arbitration agreements: Andrews on Civil Processes (Cambridge, 2013), vol 2: Arbitration and Mediation, chapters 9 and 10; N Andrews, 'Courts Ensuring Compliance with Arbitration Clauses' (2014) 26 (41) *European Business LR* 587-604; G Born, *International Arbitration and Forum Selection Agreements: Drafting and Enforcing* (4th edn, Kluwer, Netherlands, 2013); Dicey, Morris and Collins on the Conflicts of Laws (15th edn, London, 2012), 16-68 ff; D Joseph, *Jurisdiction and Arbitration Agreements and Their Enforcement* (2nd edn, London, 2010)
 8. Hybrid or asymmetrical arbitration and jurisdiction agreements: D Joseph, *Jurisdiction and Arbitration Agreements and their Enforcement* (2nd edn, London, 2010), 4-31; S Nesbitt and H Quinlan 'The Status and Operation of Unilateral or Optional Arbitration Clauses' (2006) 22 *Arbitration International* 133